

«Бекітемін»:  
«№1 «Күншуақ» бебекшай  
балабақшасы» МҚҚҚ-ның  
менгерушісі –  
Г.Ж Барикова



**Мектепке дейінгі ұйымға бармайтын кіші жастағы  
балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункт құру  
жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже «№1 «Күншуақ» бебекшай -балабақшасы» МҚҚҚ-ның

-ғы балабақшадағы ата-аналарға арналған кенес беру пунктінің жұмысын реттейді.

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына әдістемелік, педагогикалық, консультациялық көмек көрсету жөніндегі консультациялық пунктті құру және оның жұмыс тәртібін айқындауды (бұдан әрі – Пункт).

1.2. Пункт балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналары үшін құрылады.

1.3. Пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын балабақшаның құрылымдық бірлігі болып табылады.

### **2. Мақсаты мен міндеттері**

2.1. Мақсаты – мектепке дейінгі білімге қол жеткізу, мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған кіші жастағы балалардың ата-аналарының педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

- ата-аналарға консультациялық қолдау көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде олардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- белгілі бір себептермен балабақшаға бара алмайтын балаларды әлеуметтендіруге көмектесу;
- Пункт қызметі шенберінде балаға көрсетілетін білікті көмектің түрлері туралы ата-аналарға қажетті ақпарат беру арқылы балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналарына көмек көрсету.

### **3. Қызметті ұйымдастыру**

3.1. Пункт балабақша базасында менгерушінің бүйрүғы негізінде қажетті санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы жағдайлар, өрт қауіпсіздігі, кадрлық қамтамасыз ету ережелерін сақтау, қажетті бағдарламалық-әдістемелік материалдар болған кезде құрылады.

3.2. Жұмысқа жалпы басшылық балабақша менгерушісіне жүктеледі.

3.3. Пункт балабақша менгерушісінің бүйрүғымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

3.4. Ата-аналарға педагогикалық көмек мамандардың (әдіскер, тәрбиеші, медбике, музикалық жетекші, педагог-психолог және т.б.) қызметін біріктіру негізінде көрсетіледі. Ата-аналарға кенес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жургізе алады. Мамандардың жұмыс режимін балабақшаның жұмыс режиміне сүйене отырып, балабақша менгерушісі дербес анықтайды.

3.5. Консультациялық қызметтерді алу үшін ата-аналардан төлем алынбайды.

3.6. Ата-аналарға көмек көрсетудің негізгі нысандары:

- ата-аналардың өтініші бойынша онлайн және оффлайн консультациялар, олар барлық отбасы мүшелерінің тәрбиесіндегі балаға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуге, педагогикалық мәдениетті қалыптастыру бойынша педагогикалық ағартуға бағытталған;
- ата-аналардың қатысуымен баламен түзету-дамыту сабактарын өткізу;
- баламен өзара әрекеттесу тәсілдерін үйрету мақсатында ата-аналармен және олардың балаларымен бірлескен сабактар өткізу;
- балабаша мамандарын тарта отырып, мастер-кластар, тренингтер, практикалық семинарлар үйымдастыру.

3.7. Ата-аналарға баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік әсердің негізгі бағыттары, дағдарыстық жағдайларды жену туралы педагогикалық кеңес беру мақсатында теориялық және практикалық семинарлар үйымдастыру.

3.8. Өдістемелік, консультациялық көмек алу үшін ата-аналар балабақшаға жеке немесе телефон арқылы жүргінеді.

3.9. Көрсетілген тақырыпқа сүйене отырып, әкімшілік кеңес беру үшін қажетті ақпаратты толық мәнгерген маманды тартады.

3.10. Ата-аналардың осы қызметке қажеттілігінің болмауына байланысты пункт қызметі шенберінде консультациялық көмек тоқтатылады.

#### **4. Консультациялық пункттің қызметін бақылау**

4.1. КП жұмысына тікелей бақылауды балабаша директорды жүзеге асырады.

4.2. Пункттің қызметі туралы есеп педагогикалық кеңестің қорытынды отырысында тындалады.